

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АҚМЕКТЕП ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА
АКМЕКТЕП» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ТАРБАГАТАЙСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

06.10.2023 ж.

Ақмектеп ауылы

ПРИКАЗ

№ *119-1*

село Ақмектеп

**2023-2024 жаңа оқу жылының
басталу және аяқталу мерзімдері,
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы.**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу—ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес, ҚР ОАМ 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығы, Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2023 жылғы 5 қазандағы №488 бұйрығы, ШҚО білім басқармасы «Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің 06.10.2023 жылғы № 358/1 бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және демалыс кезеңдерінің келесі мерзімдері айқындалсын:
- 1) 2023 жылғы 1 қыркүйек-2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;
1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
1-тоқсан-8 оқу аптасы, күзгі демалыс-күнтізбелік 7 күн «2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда»;
2 тоқсан-8 оқу аптасы, қысқы демалыс-күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
3 тоқсан-10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21—31 наурыз аралығында);
1-сыныптарда қосымша демалыс-күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында).
4 тоқсан 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары -2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары -2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)- сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін-жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)-2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)-2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек, тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)-2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз, неміс), информатика)-2024 жылғы 10 маусым.

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан-2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша емтихан -2024 жылғы 4 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде /сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті нен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан-2024 жылғы 7 маусым

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика)-2024 жылғы 11 маусым.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ДОҒЖО-А.Шагыраеваға жүктелсін.

Директор



Б.Амиргазин